

Консультациялық пункт

Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту барысында туындаған сұрақтарына медициналық, психологиялық, педагогикалық көмек беру мақсатында мектебімізде консультациялық пункт жұмыс жасайды.

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымдарды ата-аналарға консультациялық пунктер ұйымын ұйымдастыру бойынша оқу -әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету.

Міндеттері: Мектепке дейінгі бармайтын ұйымдарға балалардың толық дамуын, олардың әлеметтенуін қамтамасыз ету.

-Балалардың оқыту мен тәрбиелеу, оларды қарау және мектепке дейінгі жастағы балаларды күту сұрақтары бойынша ата-аналарға көмек көрсету.

-Консультациялық пунктте қызмет атқарылатын педагог-мамандардың біліктілігін арттыру.

Қосан Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектебінің
Ата-аналарға арналған консультациялық пункті туралы мәлімет.

Әрбір бүлдіршін ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы, ұлттық болашағы, егеменді еліміздің ертеңі. Сондықтан «бала», «ұрпақ», «Өркен» деген ұғымдарды ұмытпай және негізгі мақсатымыз жан-жақты бала тәрбиесі болуы керек. Бүгінгі қоғамда жан-жақты жетілген, бойында ұлттық құндылықтар, сана-сезімі қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру, отбасының, барша халықтың міндеті. Осы міндетті іске асыру үшін, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 27 бұйрығымен бекітілген ата-аналарға арналған консультациялық пунктердің қызметін ұйымдастырудың ережесіне сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылған балаларға жан-жанакты қолдау көрсету, «Ата-аналарға арналған консультациялық пунктер» құру қолға алына бастады.

Қосан Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектебінде отбасылық жағдайында тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пунтер ашылды. Жағдайын анықтаған отбасыларына «Ата-аналарға арналған консультациялық пункт» жөнінде ақпарат берілді.

Бала тәрбиесі үшін маңызды «Дені сау ұрпақ-еліміздің болашағы», «Тазалық-денсаулық кепілі», «Баланың рухани әлемі» атты тақырыптарда топтық және жеке кеңестер берілді.



Мектеп директоры:  К.Қаратаев

